

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

«Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша кәсіби даярлық факультетінің
курсанттарына арналған.

Тақырып ТЖ кезінде ұйымдармен аумақтарда АҚ
аясында халықты қорғауды ұйымдастыру шаралары.

Қарағанды қ.2023ж.

Дайындаған:
Әскери және тактика-арнайы даярлық
кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны

З.Д. Хайрулла

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді
2023 жылғы « » _____ № хаттама

Оқулық мақсаттары:

Курсанттарды тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарымен таныстыру. Сүзгілеуіш және оқшалаушы газтұмылдырықтардың құрылуын көрсетіп іс жүзінде таныстыру.

Курсанттарды теріні қорғайтын арнайы құралдарымен таныстыру (Л-1 ОЗК)
Курсанттарды ұжымдық сақтану құралдарымен таныстыру.

Сабак сұрақтары:

1. Тұрғындарды қорғау түрлері және негзгі принциптері.
2. Ыдырату және қоныс аудару.
3. Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі мен негізгі қағидалары.

Әдебиеттер:

1. Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ
2. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы //ЖК
3. 20.11.2014 жылғы редакциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы.
4. Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық (қажетті мәтіндерді аударған және оқулықты құрастырған С.Арпабеков).- Алматы, 2004, - 256 бет.
5. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі материалдардың ақпараттық - әдістемелік жинағы. (3 (7) шығарылым, 2001 ж.).
6. Тайжанов С. Өмір қауіпсіздігі негіздері: Жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби білім беру орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2004, - 254 бет.
7. Егоров П.Т. Шляхов И.А. Алабин Н.И. *Гражданская оборона. М. 1970.*
8. І.Б. Нысанқұлов, С.Ж.Тоқтабеков, Н.Ж.Қожамжаров. Өмір қауіпсіздігінің негіздері: Оқу құралы.Қарағанды, 2012 жылғы.
9. Ф.Е. Бөрібай, К. Охан. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2019 жылғы.
10. З.Д Хайрулла, Д.З. Ахметов. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2023 жылғы.

К І Р І С П Е

Төтенше жағдайларды ескерту және іс-әрекеттер жөніндегі Республикалық жүйенің өзіне жүктелген міндеттерді орындауға даярлығы түпкілікті нәтижеде оның осы мақсатқа жету қабілетін анықтайды. Қазіргі уақытта адамзаттың алдында соғыс қатерін басқа ғаламдық қауіп-экологиялық апат қауіпті өткір тұр: ауа ластанған, өзендер мен көлдер қышқылды жауындармен уланған, топырақ бөлінуде, ормандарға, өсімдіктер мен хайуанаттарға қауіп төнуде. Адам өміріне қауіпті заттарды пайдаланатын және өндіретін объектілер бір жерге шоғырлануда. Бұл объектілердегі апат салдарын қазіргі заманғы жаппай қырып-жою құралдарын қолдану салдарымен салыстыруға болады. Чернобыль оқиғаларды, Армениядағы, Нефтегорскідегі, Шығыс Қазақстандағы жер сілкіністерін және басқа төтенше жайттарды талдау бейбіт уақыттағы жағдайда адамдардың қауіпсіздігі мәселесіне басқаша тұрғыдан қарауға мәжбүр етеді.

Республика аумағында атом энергетикасы, химия өнеркәсібі объектілері мен өзге де оъектілері орналасқан, мұндағы апаттар үлкен адам құрбандықтарымен, материалдық залалдармен қатар елеулі экономикалық салдарға да ұшыратуы мүмкін. Осы жағдайлар мемлекеттік, әскери және шаруашылық органдар тарапынан Азаматтық қорғаныс мәселелеріне, халықты сенімді қорғау мен шаруашылық объектілерін сақтау, басқару жүйесінің мүлтіксіз жұмыс істеуі жөніндегі міндеттерді шешуде жаңа ұстанымдарды қажет етеді. Бейбіт уақыттағы ықтимал төтенше жағдайда, сондай-ақ қаруларының даму бағыты мен оларды қолдану туралы көзқарастарды ескере отырып, халықты қорғаудың негізгі принциптері мен әдістерін іске асыру халықтың сенімді қорғалуын дәйекті көтеруді қамтамасыз етеді. Халықты қорғай принциптері – бұл бейбіт және соғыс уақытындағы жағдайда халықты қорғау тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі ресми белгілеген ережелер.

Халықты апат, зілзала мен құралдарынан қорғау жөніндегі шараларды жүргізу сипаты, көлемі мен мерзімі ахуалды бағалау және жергілікті жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескере отырып, әзірленетін АҚ жоспарларымен анықталады.

Тұрғындарды қорғау түрлері және негізгі принциптері.

Халықты қорғаудың ұжымдық құралдары – тұрғындарды апат, зілзала салдарынан, сондай-ақ қазіргі замандағы қырып-жою құралдарының зақымданғыш факторларының қорғаудың ең негізгі тәсілдерінің бірі. Солардың бірі- адамдарды ұжымдық қорғау құралына жататын қорғаныс ғимараттарына жасыру. АҚ және ТЖ жүйесінде пайдаланылатын мұндай ғимараттарға панаханалар, радиациядан қорғау орындары (РҚО) және қарапайым жасырыну орындары жатады. Панаханалар толқын соққысынан, жарық сәулесінен, өткір радиациядан және радиоактивті зақымданудан, ядролық жарылыстың зақымданғыш факторларынан, сондай-ақ уланғыш заттардан (УЗ), бактериалдық құралдар мен қатты әсер ететін улы заттардан (ҚУЗ) сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Өндіріс күштерін қазіргі заманғы қырып-жою құралдарынан, зілзадан, радиациялық және химиялық қауіпті объектілердегі

апаттардан қорғау – маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі. Қорғаныс ғимараттары адамдар жасырынуға тиіс жерлерге мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс. Адамдар сыйымдылығы санына сәйкес баспаналар келесі түрлерге бөлінеді кіші, орташа, үлкен баспаналар, халықты қорғау құралдарының жай түрлері олар фашиндер, қазбалы үйлер, саңылаулар.

Газтұмылдырықтар әрекеттік қағидасына сәйкес сүзгіш, оқшаулау болып бөлінеді. АКУЗ мол шоғырлануында, сондай-ақ оттегі жеткіліксіз болған жағдайда ИП-46, ИП-4, ИП-5, оқшаулау газтұмылдырықтарын пайдалануға болады. ИП-46 және ИП-5 газтұмылдырықтарының көмегімен су астында 7 м тереңдікке дейін жеңіл-желпі жұмыстарды жасауға мүмкіндік береді. Регенеративті патрондағы оттегі қоры оқшаулаушы газтұмылдырықта ауыр дене жүктемелерінде 40 - 45 минут, уақыт жұмыс жасауға мүмкіндік береді:

Регенеративті патрондағы оттегі қоры оқшаулаушы газтұмылдырықта орташа жүктемелерінде 70 - 75 минут уақыт жұмыс жасауға мүмкіндік береді: Регенеративті патрондағы оттегі қоры оқшаулаушы газтұмылдырықта жеңіл немесе тыныштық күйінде 2,5 - 3 сағат уақыт жұмыс жасауға мүмкіндік береді: Р-2 респираторында неше дем алу және дем шығару клапандары бар: екі дем алу, бір дем шығару клапандары бар немесе бір дем шығару , екі дем алу клапандары бар.

Сүзгіш газтұмылдырығы дем алу органдарын қорғайтын қарапайым құралдарына жатады.

Жағдайға байланысты, газтұмылдырықтар келесі жаймен тасылады: жорықтық, дайындық және ұрыстық. Әуе дабылы белгісі бойынша газтұмылдырық даяр күйінде болуы қажет. “Радиация қаупі”, “Химиялық дабыл”, “Газ!” бұйрығымен газтұмылдырық ұрыстық немесе жауынгерлік жағдайда болуы тиіс. Шлем-маска (маска) жарамсыз, болымсыз жыртылған болса: сол жыртылған тұысты алақанмен бетке қатты басу, көзбен мұрын қуысын жауып тікелей газ тұмылдырықтың говрасы арқылы дем алу. Дем алу органдарын қорғау құралдарының жай түрлері ол шаңға қарсы респираторлардың әр-түрлі типтары, мақта-мәрлілік байлаулар. Теріні қорғайтын оқшаулау құралдарына жалпыәскери қорғау жинағына жатады.

Теріні қорғайтын химиялық қорғаныс құралдарына Л-1 үлгісіндегі жеңіл қорғаныс костюмі жатады. Қорғау қолғабы екі түрлі болады жазғы мен қысқы. Қорғаныш комбинезон (костюм) маскасы басқа заттарымен қоса алғанда 6 килограмды құрайды. Жеңіл қорғаныш костюм массасы шамамен 3 кг.

Қазіргі заманғы қырып-жою құралдарынан халық пен шаруашылық объектілерін (ШО) қорғаудың негізгі принциптері мыналар:

Қорғаныс шараларымен өз уақытында жоспарлау және өткізу. Ол мыналарды қамтиды: Бейбіт және соғыс жағдайындағы АҚ жоспарларын әзірлеу; Халықты ТЖ мен қазіргі заманғы қырып-жою құралдарынан қорғау әдістеріне даярлау; Ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын жинау және оларды пайдалануға әзерлікті ұстау;

Көшіру шараларын даярлау

Бейбіт және соғыс уақытындағы жағдайда шаруашылық салалары мен объектілері жұмысының сенімділігін және тұрақтылығын көтеру жөніндегі

шараларды жүргізу. Жаппай қырып-жою құралдары әсерінің сипаты, мүмкіндіктері мен салдары өткен соғыстағы қарудың түрлерімен салыстырғанда өздерінің жойқын күштерімен ерекшеленеді.

Осы ерекшеліктерінің бірі – қаруды жеткізудің жаңа құралдарының пайда болуының арқасында жер шарының кез келген нүктесіндегі нысананы жоюға болатындығында. Сондықтан да, тыл мен соғыс туралы ұғым енді салыстырмалы сипатқа ие болып отыр. Соғыс жағдайында қазіргі заманғы қырып-жою құралдары ықпал аймағына кез келген елді мекен тап болуы әбден мүмкін. Осыған байланысты халық пен шаруашылық объектілерін қорғау жөніндегі шаралардың әрбір ауданда, қалада, объектілерді, бүкіл республика аумағында міндетті жүргізілуі қажет. Халықты қорғаудың негізгі әдістері Халықты қазіргі заманғы қырып-жою құралдарынан және төтенше жағдайлар кезіндегі апаттардан қорғауды ұйымдастыру мен іске асыру, оның зардабының әсерін азайту немесе кісі өлімін азайтуға бағытталған қорғаныс шараларын іске асыру әдістерінің рөлі ерекше.

Халықты қорғаудың негізгі әдістері мыналар:

қорғаныс ғимараттарына жасыру;

халықты таратып қоныстандыру және көшіру;

жеке және дәрігерлік қорғаныс құралдарын қолдану;

дер кезінде хабарлауды ұйымдастыру;

азық-түлікті, суды, мал мен өсімдікті радиоактивтік, улағыш, қатты әсер ететін улы заттармен және бактериалдық құралдармен зақымдаудан қорғау; радиациялық, химиялық, бактериологиялық барлау мен дозиметрлік және лабораториялық бақылауды ұйымдастыру;

өрттен қорғау, санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы және сақтандыру шараларын жүргізуі; зақымдау аймақтарындағы ұйымдарға жұмыс пен халықтың өзін-өзі ұстау режимдерін сақтау; адамдарды, техниканы, киім мен аяқ-киімді, санитарлық тазалауды және аумақ пен ғимаратты залалсыздандыруды жүргізу.

Қорғаныс ғимараттарына жасыру – халықты осы заманғы зақымдау құралдарынан, әсіресе әуе шабуылынан, сол сияқты қауіпті жағдайдан қорғаудың негізгі және ең сенімді әдісі.

Бұл әдіс халықтың әр түрлі санаттарын қорғау талаптарына жауап беретін қорғаныс ғимараттары жүйесін қолдануды қарастырады.

Адамдарды радиациядан қорғайтын панаханада жасыру, тек жеке және ұжымдық дәрігерлік қорғаныс құралдарын қолдануды қамтамасыз еткен де ғана сенімді бола алады. Таратып қоныстандыру әдісі АҚ топтарына жататын қалалардың халқын, яғни жау шабуылы құралдарының әсерінің қауіпі нақты төнген халықтың бөлігін қорғау үшін жүргізіледі. Бұл әдісте адамдарды қауіп төнген аудандардан дер кезінде алып кетуді және оларға жеке қорғаныс құралдарын кигізіп, радиациядан қорғайтын панаханадан жасыру мен қауіпсіз аймақтарға орналастыруды қарастырады. Таратып қоныстандыру мен көшіру туралы шешімді Үкімет өзі қабылдайды, шешімді орталық, жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жүзеге асырады. Бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар кезінде, қырып-жою құралдарының қолданылу қауіпі

туындағанда тұрғындардың жекелеген бөлігін дер кезінде көшіру (ішінара көшіру) жүргізілуі мүмкін. Ертерек болжауға мүмкіндік болмай, адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төнген кезде шұғыл көшіру жүргізілуі мүмкін. Тұрғындардың жекелеген бөлігін көшіру туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды. Көшіру шараларын жоспарлау мен өткізу Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы бекіткен «Көшіру шараларын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес жүргізіледі. Жеке және дәрігерлік қорғаныс құралдарын қолдану қазіргі заманғы қырып-жою қаруларының зақымдағыш факторларының ықпалын әлсірете алады. Жеке қорғаныс құралдары радиоактивтік, улағыш заттардан және улы газдардан және бактериалдық құралдармен зақымдаудан қорғауға арналған. Дәрігерлік қорғаныс құралдары қазіргі қарудың зақымдағыш факторларының ықпалын жоюға және әлсіретуге арналған. Оларға радиациядан қорғайтын препараттар, антидоттар және АИ-2 жеке дәрі-дәрмек қобдишасындағы өзге бактериядан қорғау құралдары мен жеке химиядан қорғау пакеті жатады.

2. Ыдырату және қоныс аудару (эвакуация).

Көшіру шаралары Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органдарының және аумақтық басқару органдарының жалпы басшылығымен алдын ала жоспарланады. Бейбіт уақытта қауіпсіздік қатері мен табиғи апаттық төтенше жағдайлар болуы мүмкін аймақтар үшін көшіру шараларын жүргізу тәртібі анықталады. Сонымен қатар, соғыс уақытына шекаралас аудандар мен қауіп төнген жерлердегі халықты көшіру тәртібі белгіленді.

Уақытша көшіру шаралары:

ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін - өндірістік принцип бойынша;

халықты көшіру – аумақтық принципі бойынша жүзеге асырылады;

көшіруді ұйымдастыру және меншік көлік иелерінің көліктерін тарту жеке меншік пәтерлер кооперативтеріне жүктеледі.

Көшіру шараларын жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарында, ұйымдарда көшіру комиссиясы құрылады.

Көшіру шараларын ұйымдастыру және оны жүргізу тиісті басқару органдарының және ұйымдарының бірінші басшыларына жүктелген.

Ұйымның эвакуациясының міндеттері:

ұйымның АҚ штабымен бірлесіп, объектінің жұмысшылары мен қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін орналастыру үшін олардың тізімдерін жасайды; азаматтық қорғанысының басшысына эвакуациялық жинау пунктінің әкімшілік құрамы, эшолондар бастықтарын, автомобил колонналары мен жаяу саптар бастықтарын тағайындау туралы ұсыныс әзірленеді.

Бейбіт уақытта барлық баспаналар шаруашылық мақсатта пайдаланылады. Қала мен селолық жерлердің халқы радиацияға қарсы баспаналарда, туннеллерде, кен орындарында, жер асты гараждарында және басқа да паналау ғимараттарында жасырынады, сол үшін жоспарлы жиналу және есеп, сондай-ақ халықты жасырыну ғимараттарына бөлу жүргізіледі. Халықты қорғау

әдістерінің ең негізгісі уақытша көшіру (эвакуация) шаралары болып табылады, оған: адамдардың өмірін сақтау мақсатында төтенше жағдайлар аймағынан және қазіргі заманғы қырып-жою құралдары қолданылуы мүмкін аудандардан халықты көшіру; соғыс уақытында санатталған қалаларда жұмыс істеп жатқан, ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін қауіпсіз аймаққа жайғастырып бөлу және орналастыру жатады.

Көшіру шаралары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органдарының және аумақтық басқару органдарының жалпы басшылығымен алдын ала жоспарланады. Бейбіт уақытта қауіпсіздік қатері мен табиғи апаттық төтенше жағдайлар болуы ықтимал аймақтар үшін көшіру шараларын жүргізу тәртібі анықталынады. Сонымен қатар соғыс уақытында шекаралас аудандар мен санатталған қалалардан халықты көшіру тәртібі белгіленеді.

Халықты аймақтық және көлемді төтенше жағдайлар аймағынан қауіпсіз орынға теміржол, автомобиль, авиациялық және су көліктері арқылы, төтенше жағдайлар аймағынан көліктің әр түрін тарта отырып және жаяу жүру тәртібімен қауіпсіз аймақтың сыртына шығарылады; соғыс уақытында қарулы күштерін тасымалдауға жатпайтын авиациялық, теміржол, автомобиль және көліктердің басқа да түрлерімен тасымалданады, көлік құралдары жетіспеген жағдайда көшіру бекеттерінің аралығына дейін жаяу жүру тәртібімен ұйымдасқан түрде көшіріледі. Соғыс уақытында кенеттен болған қатерлі жағдайларда және төтенше жағдайларда көшірілу жедел жүргізілуі тиіс. Тұрғындарды толық немесе бөлігін қатерлі аймақтардан алдын ала көшіру бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да жүргізілуі мүмкін.

Уақытша көшіру шаралары:

Ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін – өндірістік принцип бойынша;

Халықты көшіру – аумақтық принцип бойынша жүзеге асырылады;

Көшіруді ұйымдастыру және мүмкіндігінше жеке меншік көлік иелерінің көлігін тарту жеке меншік пәтерлер кооперативтеріне жүктеледі.

Халықты оқыту барысында, Азаматтық қорғаныс жөнінен жаттығулар жүргізуде және күнделікті іс-қимылда мынаны талап ету қажет: көшірут жататын әр адам өзінің жасайтын іс-әрекеті тәртібін білуі керек (жиналу орны, кліп жету мерзімі, көшіру әдісі, көшірілетін орны, жеке заттары мен азық-түліктерінің саны мен тізімі т.т.)

Санатталған қалаларда соғыс уақытында жұмыс істеп жатқан, ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін жайғастырып орналастыру жұмысшылар мен қызметкерлерді және олардың отбасын қауіпсіз аймаққа ұйымдасып тасу арқылы жүзеге асырылады.

Көшіру шараларын жүргізуге басшылық жасау үшін жергілікті атқарушы органдарында, ұйымдарда көшіру (көшіру-қабылдау) комиссиялары құрылады. Көшірілгендерді тізімге алу, оларды қауіпсіз аймаққа ұйымдасқан түрде тасу үшін жинақталған көшіру бекеттері (көшіру-қабылдау) құрылады.

Көшіру шаралары ұйымдастыру және оны жүргізу тиісті басқару органдарының және ұйымдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

Халықты радиоактивті және химиялық зақымданудан қорғауға: санатталған қалалардың халқын радиоактивті және химиялық зақымдану туралы дер кезінде хабарлауды ұйымдастырумен; адамдарды жекеленген таныс қорғау құралдарымен қамтамасыз етумен; баспаналарда, радиацияға қарсы баспаналарда және басқа да қорғаныс ғимараттарында жасырынумен; зақымдану аймағынан тасып шығарумен; радиациялық және химиялық қорғану режимін орындаумен; радиацияға қарсы профилактика, объектілерге, техникаларға, жабдықтар мен жергілікті жерге дезактивация, дегазация жүргізумен; өзін-өзі қорғау әдістеріне үйретумен жетеді.

Жеке қорғау құралдарын құру, жинау:

Санатталған қалалардың ұйымдарының жұмысшылары мен қызметкерлеріне – ұйымдардың қаржысы есебінен;

Санатталған қалалардың қалған халқы үшін – жергілікті атқарушы органдарының қаржысы есебінен жүргізіледі. Санатталмаған қалалар мен елді мекендердің халқы үшін жеке қорғану құралдарын жинау жүргізілмейді, қорғану құралдарының қарапайым түрлерін халық өздері дайындайды (мақта-дәке жара таңғыштары және т.б.) Радиациялық және химиялық қауіпті өндірістердің жұмысшыларын, қызметкерлерін, осы объектіге жақын тұратын және болуы мүмкін зақымдану ошағына жататын халық, сондай-ақ осы объектілердегі аварияларды жою үшін тартылатын Азаматтық қорғаныстың құрамалары қорғану құралдарымен осы ұйымның қаржысы есебінен қамтамасыз етіледі.

Халықты радиоактивті және химиялық зақымдану жағдайына іс-қимыл жасауға дайындау мақсатында оларды ережелерге және іс-әрекет жасау тәртібіне, өзді-өзіне және бір-біріне өзара көмек көрсетуге үйрету жүргізіледі. Халықты қорғау жөніндегі ерекше орында зардап шеккендерге дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастыру қажет.

Төтенше жағдайларда жедел дәрігерлік көмек көрсету қызметінің алдында төмендегідей мақсаттары болады:

уақытында дәрігерлік көмек көрсету; зақымдағандарды көшіру және емдеу, оларды еңбекке қайта оралту мақсатында денсаулықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ дәрігерлік эвакуация кезіндегі болатын адам шығынын азайту; апаттың халыққа әсер еткен жүйке-неврологиялық және сезім әсерін азайтуға бағытталған емдеу-профилактикалық шараларды жүргізу; апат ошақтарындағы болуы мүмкін жұқпалы аурулар туралы, олардың түрлері мен олардың сақтану жолдары халыққа дер кезінде ақпарат беру; қаза тапқандардың өлімінің себебін және жаралылардың жарақаттарының (ауруның) дәрежесін анықтау үшін сот-медициналық куәландыру және жұмысқа жарамсыздығын бағалау жататын сот-медициналық сараптау.

Төтенше жағдайларды халықты дәрігерлік қорғау екі саты бойынша жүргізіледі. Бірінші сатыда дәрігерлік көшіру жүргізіледі және төтенше жағдай аумағында сақталған емдеу мекемелерінің, апаттар медицинасы қызметі құрамаларының күштерімен алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіледі. Екінші сатысында төтенше жағдай аумағынан тыс орналасқан емдеу мекемелерінде, сондай-ақ кәсіби және мамандандырылған медициналық көмек көрсету және

зақымданғандардың толық емделіп шығуы үшін, қосымша құрылған емдеу мекемелерінде медициналық көмек көрсетеді.

Соғыс уақытында бүгінгі заманға зақымдау құралдарын қолдану кезінде жаппай санитарлық шығын ошағында бірінші дәрігерлік көмек төтенше жағдай кезіндегідей көрсетіледі. Одан басқа Азаматтық қорғанысты бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстару жөніндегі шараларды өткізу кезінде санатталған қалалардан емдеу мекемелерін эвакуациялау есебінен селолық жерлер мен санатталмаған қалаларда медицина мекемелері құрылады. Болжамдалынған санитарлық шығындарға сай аурухана көрсетуінің санны алдын ала жоспарланады. Бір мезгілде дәрі-дәрмек, медициналық жабдықтардың және мүліктердің қоры құрылады, сондай-ақ қоғамдық үйлерде медицина мекемелерін орналастыру үшін жұмыстар жүргізіледі.

Жаралыларды, зақымданғандарды және ауруларды шабуыл аудандарынан (ошақтарынан) қала сыртындағы емдеу мекемелеріне тасу үшін көшіру-санитарлық құрамалар (автосанитарлық отрядтар, көшіру-санитарлық поездар, автосанитарлық эскадрильдер және көшіру-санитарлық теңіз кемелері) құрылады. Көшіру-санитарлық құрамалар көлік ұйымдарының негізінде құралады. Көшіру-көлік құрамаларын көліктік-санитарлық жабдықтармен қамтамасыз ету жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Санатталған қалалардағы тасуға жарамайтын ауруларға көмек арнайы жабдықталған баспаналарда көрсетіледі. Бұл емдеу орындары кейбір қалалық ауруханалардың аумағында күнібұрын дайындалған баспаналарда құрылады. Онда жедел жәрдем бригадаларының күшімен, санитарлық жасақтармен, үйде емделіп жатқан тасымалдауға жатпайтын аурулар жеткізіледі.

Бейбіт уақыттағыдай соғыс уақытында да өте қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың шығуына және жайылуын болдырмау жөніндегі шаралар қабылданады.

3. Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі мен негізгі қағидалары. Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ

6-БӨЛІМ. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

12-тарау. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

59-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрттердің алдын алуды және оларды сөндіруді, авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуді, өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және өрттерге байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізуді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары уәкілетті органнан, өрт қауіпсіздігі саласындағы оның ведомствосынан, аумақтық бөлімшелерінен, мемлекеттік мекемелерден және уәкілетті орган ведомствосының білім беру ұйымдарынан тұрады.

3. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жалаулары болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылатын кезеңде атыс қаруы мен арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану құқығы беріледі. Атыс қаруы мен арнайы құралдарды қолдану тәртібі «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

60-бап. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

1. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – бұл өрт пен одан келтірілетін зиянды (нұқсанды) болғызбауға бағытталған, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық, ғылыми-техникалық және құқықтық шаралардың, сондай-ақ өртке қарсы қызметтің күштері мен техникалық құралдарының жиынтығы.

2. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орталық және жергілікті атқарушы органдарды, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді, өртке қарсы ерікті құралымдарды, өрт сөндіру-техникалық ғылыми-зерттеу мекемелерін, уәкілетті органның білім беру ұйымдарын, өрт сөндіру-техникалық өнімдер шығаратын кәсіпорындарды қамтиды.

3. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының ведомствоішілік қызметінің міндеттері мен функциялары уәкілетті органның басшысы бекітетін қағидаларда, нұсқаулықтарда регламенттеледі.

61-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтық реттеу

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтық реттеу – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде орындалуы міндетті өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу.

2. Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылатын техникалық регламенттер, өрт қауіпсіздігінің қағидалары, нұсқаулықтар және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері жатады.

3. Өнімге және (немесе) оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары техникалық регламенттерде белгіленеді.

62-бап. Өрт қауіпсіздігі шараларын әзірлеу және іске асыру

Өрт қауіпсіздігі шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ өрттердің шығу себептерін талдау және оларға қарсы күрес тәжірибесі, заттардың, материалдардың, технологиялық процестердің, бұйымдардың, конструкциялардың, ғимараттар мен құрылыстардың өртену қаупін бағалау негізінде әзірленеді.

Кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар және басқа да объектілер үшін, оның ішінде оларды жобалау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын әзірлеуде және іске асыруда өрттер кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ететін шешімдер міндетті түрде көзделуге тиіс.

Өндірістік объектілер үшін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді көздейтін өрттерді жою жоспарлары міндетті түрде әзірленеді.

63-бап. Өрттерді сөндіру

1. Өрттерді сөндіру өрттерді жоюға, адамдар мен жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құтқаруға бағытталған іс-қимылдарды білдіреді.

Елді мекендердің аумақтарындағы, стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілер мен мемлекеттік меншіктің тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі өрттерді сөндіруді мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органы және қорғаныс, әуе, ішкі су және теміржол көлігі, мемлекеттік орман қоры объектілеріндегі өрттерді сөндіру үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметті тарту тәртібі уәкілетті орган мен тиісті мемлекеттік органдар арасындағы келісімдермен регламенттеледі.

Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендердегі өрттерді сөндіруді тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның басшысы өртке қарсы қызметтердің барлығына қатысты аға жедел бастық болып табылады.

Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының басшылары тиісті аумақтарда орналасқан өртке қарсы қызметтерге қатысты аға жедел бастық болып табылады.

3. Өртке қарсы қызмет гарнизонына кіретін күштер мен құралдарды пайдалану тәртібі өртке қарсы қызмет гарнизоны бөлімшелерінің бару кестесімен айқындалады, ал ауылдық жерлердегі аудандарда - өрттерді сөндіруге күштер мен құралдарды тарту жоспарымен айқындалады. Өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру үшін елді мекендердің телефон желілерінде «101» және «112» бірыңғай нөмірлері орнатылады.

4. Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің өрттерді сөндіруге баруы сөзсіз тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Өрт сөндіруге басшылықты өртке келген өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды адамы жүзеге асырады. Өрт сөндіру басшысы дара басшылық қағидаттарымен өрт сөндіру міндеттерін орындауға қатысатын жеке құрамды, сондай-ақ өрт сөндіруге тартылған күштерді басқарады.

Өрт сөндіру басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттерін орындаудан шеттетуден және басшылықты өзіне қабылдаудан немесе басқа лауазымды адам тағайындаудан басқа кезде оның қызметіне араласуға ешкім құқылы емес.

6. Өрттерді сөндірумен байланысты емес төтенше жағдайларды жою кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің, ақшасын қоспағанда, күштері мен құралдары төтенше жағдайды жою басшысының билігіне көшеді.

7. Өрт сөндіру басшысының:

1) өрт сөндіру үшін, көлік құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдарды қоса алғанда, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің және өртке қарсы ерікті құралымдардың күштері мен құралдарын тартуға;

2) өрттерді сөндіру жұмыстарын жүргізу кезеңінде цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтата тұруға, адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан эвакуациялауға өкім беруге құқығы бар.

8. Өрттерді сөндіру кезінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің:

1) өрттер кезінде азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, оларды құтқаруға, оттың таралуын болғызбауға және өртті жоюға бағытталған шаралар қабылдау үшін, шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар өкілдіктері орналасқан үй-жайларды, жер учаскелерін қоспағанда, адамдарды құтқаруға, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге бағытталған шараларды қабылдау үшін жеке және заңды тұлғаларға тиесілі аумаққа, тұрғынжайға және өзге де үй-жайға, жер учаскелеріне кедергісіз кіруге;

2) қажет болған жағдайларда, оттың таралуын болғызбауға және өртті жоюға бағытталған шаралар қабылдау үшін жабық есіктерді, терезелерді, шатырларды, сондай-ақ қоршау конструкцияларды ашуға;

3) осы Заңның 33-бабы 3-тармағының 5) және 7) тармақшаларында көзделген іс-қимылдарға құқығы бар.

9. Өрттерді сөндіру кезінде келтірілген материалдық нұқсан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге жатады. Өрт сөндіру кезінде құқыққа сыйымды әрекет еткен өртке қарсы қызметтердің қызметкерлері мен ерікті өрт сөндірушілер келтірілген нұқсанды өтеуден босатылады.

Табиғи өрттер.

Қазақстан Республикасында табиғи өрттердің негізгі түрлері ландшафты өрттер - орман, орманды дала және дала (егіс) өрттері болып бөлінеді.

Ормандағы өртті сөндірудің негізгі жолы суды пайдалану, ал ол мүмкін болмағанда өртті қолда бар құралдармен сөндіруге күш салады. Мысалы, отты топырақпен көму, оттың шоғын бұтамен жанып кеткен жерге қарай сыпыру, қарсы от кою, тулақты немесе киізді пайдалану т.с.с.

Ормандағы өрттердің 80 пайызы халықтың еңбек немесе демалыс орындарында өрт қауіпсіздігі шараларын бұзуынан, сондай-ақ орманда ақаулы техниканы пайдалану нәтижесінде болады.

Орманның жоғарғы жағындағы өртті сөндіру қиын, сондықтан оны кедергі жасау, күйдіру және суды пайдалану арқылы сөндіреді. Бұл жағдайда кедергінің ені ағаш биіктігінен кем болмауы керек, ал жоғарыдағы өрт аумағының алдындағы күйдірілетін кедергінің, (жердің) ені кемінде 150-200 м өрт канаттарының алдында кемінде 50 м болуға тиіс.

Өрт адамдарға психологиялық тұрғыдан үлкен әсер етеді. Тіпті кішігірім өрттің өзінде адамдарды жаппай үрей билеуі адам шығынына әкелуі мүмкін. Өзін-өзі ұстап үйренген адам қиын сәтте өз өмірін құтқарып қана қоймай, басқа адамдарды, материалдық, құндылықтарды да құтқара алады.

Егер сіз орман өртін сөндіру жөніндегі топқа кірсеңіз панахана орны мен оған аппаратын жолдарды жақсы білуіңіз керек. Оттан қорғайтын киім киіп, керекті жарақтарды (адамдағы мүмкіндігінше арнайы киім, противогаз, каска, түтіннен қорғайтын маска) пайдалану керек, әр топта сол аймақты жақсы білетін жол серік

болғаны дұрыс. Егер түтіндену аймағындағы көру шегі 10 метрден аспаса, онда оған кіруге болмайды.

Өрттен адамдарды құтқару кеңінде өте жылдам әрі тиімді қимылдау қажет, себебі түтін, улы газ, жоғары температурадағы ыстық ғимараттың құлауы, тез жанатын және улы газ бөлетін заттардың болуы сияқты қауіптер кез-келген жерден шығуы мүмкін. Жанған ғимарат арқылы үстін басқа ылғал мата (киім) жауып, түтіннен жорғалай немесе тізерлей қозғалу керек.

Көп қабатты ғимараттарда, егер подъезден шығуға мүмкіндік болмаса, балконды, апаттық люк пен балкондағы баспалдақты, көрші подъезд арқылы, құтқаруға арналған төбенің люгін пайдаланыңыз. Құтқару жұмысына қатысатын адам, алғашқы медициналық көмекті көрсете білуге тиіс.

1. Өрттің негізгі жою факторлары мыналар: от заттарға тікелей және алыстан қызуы арқылы әсер етеді. Нәтижесінде отта қалған заттар, объектілер, ғимараттар және оның құрылымы толық немесе жартылай жанып кетуі мүмкін. Ал өте жоғары температураның әсерінен материалдар, металдан жасалған тіреулер, балкалар, құрал-жабдықтар, технологиялық қондырғылар, бұйымдар және техникалар балқып, жанып істен шығады әрі өзінің қасиетін жоғалтады. Адамдар, жан-жануарлар зардап шегеді.

Жарылыстың нәтижесінде үлкен өрттер пайда болуы мүмкін. Неғұрылым жарылыстың қуаты күшті болса, соғұрылым оның экономикаға, қоршаған ортаға, адамдарға және экологияға әкелетін зияны зор болады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет – өрттердің алдын алуды және оларды сөндіруді ұйымдастыруға, авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге, өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға және өрттерге байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізуге арналған облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

объект – азаматтық қорғау саласындағы талаптар белгіленген немесе белгіленуі тиіс, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкі, мемлекеттік мүлік, оның ішінде үйлер, ғимараттар, құрылыстар, технологиялық қондырғылар, жабдық, агрегаттар және өзге де мүлік;

оқыс оқиға – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіде технологиялық процесс режимінен ауытқу;

операция жүргізу – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қою, сақтау және шығару;

өнеркәсіптік қауіпсіздік – жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

өрт – адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, зиян келтіретін, жеке және заңды тұлғаларға, қоғам мен мемлекет мүдделеріне материалдық нұқсан келтіретін бақылаусыз жану;

өртке қарсы қызмет гарнизоны – мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің және өртке қарсы ерікті құралымдардың облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың аумағында орналасқан басқару органдары мен бөлімшелерінің жиынтығы;

57) өрт қауіпсіздігі – адамдардың, мүліктің, қоғам мен мемлекеттің өрттерден қорғалу жай-күйі;

Өрттің пайда болу себептері отты ұқыпсыз пайдалану, өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамаудан болады. Өрт сөндірілмей лақтырылып тасталған шырпыдан (сіріңкеден), темекі тұқылынан, сөндірілмеген алаудан, атқаннан кейін құрғақ шөпке түскен, түтіндеп жатқан патрон тығынынан, орманда жараксыз техниканы пайдалану т.б. себептерден пайда болады. Өрттің 90 %-і адам кінәсінен, 78 %-і құрғақ ағашқа жасыл – найзағай түсуден, 2-3 %-і өзге себептерден (күн сәулесінен қызатын линза, әйнек т. б.) болады.

Әдетте, үлкен аумақты қамтитын кездейсоқ апатты жағдай есебіндегі өрттердің негізгі түрлері ормандағы және далалықтағы өрттер.

Жану қарқындылығы бойынша ормандағы өрттер әлсіз, орташа және күшті болып бөлінеді, жану сипаты бойынша – аласа және биік өрттерге, ұзақтығы жөнінен тез жанатын және үзбей жанатын өрттерге бөлінеді.

Аласа орман өрттері ағаш қиқым – сиқымдардың, топырақ үстіндегі жамылғылардың, ағаштардың түбіндегі ұсақ бұталардың жануымен сипатталады. Аласа өрттердің қаулау (жану) шапшаңдығы 0,3 – 1 м/ минуттен 16 м/минутті құрайды. Немесе сағатына 1 км шапшаңдықпен жанады. Жалынның биіктігі 1-2м, өрттің нағыз негізі ошағындағы ыстықтық 400-900 гр. С-ға жетеді.

Ормандағы биік өрттер қылқанды ормандарда жиі болады. Олар әдетте, аласа өрттерден пайда болып өршиді және ағаштардың жоғарғы бастарының жануымен сипатталады. Ормандағы тез жанатын биіктегі өрттер ағаштардың жоғарғы басына тез ауысады, шапшандығы 8-25 км – ге жетеді, шапшаң ауысуы нәтижесінде кейде ормандардың тұтас аумақтары өртке шалынбай да қалады. Үзбестен жанатын биік өрттерге тек ағаштың бастары ғана емес, сонымен бірге ағаштың негізгі бағандары да шалынады. Жалпы топырақ жамылғыларынан бастап ағаштардың бастарын да қамти отырып 5-8 км/сағат шапшаңдықпен бүкіл орманды қамтиды. Өрттің негізгі ошағындағы ыстықтық 1100-ге дейін көтеріледі. 1997 жылдың жазында қауіпсіздік ережелері сақталмағандықтан бұрынғы Семей облысының 12 мың гектар жерін қамтыған үлкен өрт болды. Жердің астындағы өрт те болады, бірақ ол Қазақстан жағдайына тән емес. Далалық өрттер құрғақ шөптер, піскен егіні бар ашық далалықтарда пайда болады. Олар шөптің (егіннің) піскен кезінде жиі пайда болады да, науқандық сипатқа ие болады. Көктемде сирек болады, ал қыста болмайды да. Оның таралу шапшаңдығы сағатына 20-30 км-ге жетуі мүмкін.

Ормандағы және далалық өрттермен күрес жүргізу ісі жеке авиабазалары, химиялық өрт сөндіру станциялары, шолатын күзет орындары бар мемлекеттік қызмет орындарының үлесіне жатады.

Өрттің түріне және болған орнына қарамастан оны сөндіру: өртті кідіртуден – немесе өрттің таралуын шектеу қимылдарынан және өрттің негізгі ошағын сөндіру секілді негізгі екі кезеңнен тұрады.

Өртті жайылдырмау және сөндіру: өрттің негізгі ошағының қамтыған аумағы, ауа райы жағдайы, өрт болған жердің сипаттары, өрт сөндіретін күш пен құралдардың қаншалықты екендігіне байланысты көптеген факторларға тәуелді. Өрттің негізгі ошағын таратпау үшін өрт сөндіргіш құралдар (огнетушитель) қолданылуы, кедергілер жасалуы, жер жыртылуы мүмкін. Далалық күшті өрттер жайылып кетпес үшін ені 20 метрге жететін кідіретіндей (бөгейтіндей) тілкемдер жасалады. Ол үшін екі шетін жыртып, не қазып, ортасындағы шөптерді жағып жібереді.

Техникамен не жарылыс жасау арқылы өрт жолын бөгейтін тілкемдер немесе орлар жасау, қарсы от жіберу, жанып жатқан жиектерді сумен немесе химиялық заттармен (оның ішінде ұшақпен де сөндіру) және тағы басқалар үлкен өрттерді сөндірудің ең басты тәсілі болып табылады.

Ормандағы аласа өрттерге топырақ тастайды, оттың шетін ағаш бұтақтарымен ұрғылайды, қарсы от жібереді.

Қарсы от жіберу ірі өрттерде өртті сөндіруге күш пен құрал жетіспеген жағдайда қолданылады. Ол бір шеті өртке қараған өзек, бұлақ және сүрлеу жолдардан басталады.

Ормандағы биік өрттерді сөндіру өте күрделі іс. Оны бөгейтін тілкемдер жасау, қарсы от қою және суды пайдалану арқылы сөндіреді. Бұл жағдайда бөгейтін тілкемнің ені жанған ағыштың биіктігінен кем болмауы қажет, өрттің қарсы алдындағы жер 150-200 метрден кем болмағанда, қапталындағы жер 50 метрден кем болмаса қарсы от жібереді.

Далалық өрттерді де, ормандағы өрттерді сөндіру тәсілімен сөндіреді. *Өрт кезіндегі іс-қимыл және одан қорғану.* Өткен жылдардан қалған құрғақ шөптер, жапырақтар көп болатын көктемнің аяғы – жаздың басында өрт қаупі көп болатындығын есте ұстаған жөн.

Жылдың құрғақшылық уақытында және өрт қаупі бар орындарда отты пайдаланғанда ерекше абай болу қажет; алау жағылатын жердің маңын құрғақ шөптерден, жапырақтардан, бұталардан және басқа да орман қиқымдарынан тазарту; басы иіліп тұрған ағаштарға жақын жерлерге, құрғаған қамыс ортасына от жағуға болмайды; алауды бақылаусыз қалдыруға, алаудың толық жанып біткендігіне көз жеткізгенше кідірген жерден кетуге болмайды.

Қауіп-қатер белгісін хабарлау үшін орманда от жағуға мүлде болмайды.

Орман өртінің жақындап келе жатқанының жанама белгілері ; ыс-түтіннің тұрақты иісі, орман үстінде қалықтаған тұман тәріздес түтін, жан-жануарлардың, құстардың, жәндіктердің (мысалы, кішкентай қоңыздар өртті жүз шақырым шамасынан-ақ сезеді) мазасызданып, тынышсыздануы және өзге бағытқа қарай қоныс аударуы, құстардың түн мезетінде ұшуы және қатты дыбыстары, горизонттың бір нүктесіндегі біртіндеп көлемін жан-жаққа тарата

бастайтын түнгі шапақ, аласа бұлттар арасынан көрінетін жарық шұғыласы және тағы басқа да құбылыстар бола алады.

Өртті байқағаннан кейін ең бастысы үрейге берілмеу, сергелдеңге түспеу қажет, тез, шапшаң, бірақ ұқыпты түрде жағдайды талдап, жүріп өтетін жолды анықтап алу қажет, ол үшін биіктеу жерге көтеріліп немесе биіктеу ағашқа өрмелеп жан-жақты мұқият қарап алу керек. Ауа райына, әсіресе желдің күші мен бағытына, жақын мындағы өзен, көл, батпақтардың орналасу реттеріне, биік жалаңаш құздарға және басқа да ашық кеңістіктерге назар аудару қажет болады.

Өрттің негізгі ошағын, оның таралу шапшаңдығының шамасын және бағытын анықтаған жөн. Егер карта болып, өзіңнің орналасқан орнынды білсең, одан өрттен қауіпсіздеу жақын орналасқан жерді тауып алуға болады.

Өрттен үлкен көлдердің қасындағы аралдар мен құм қайрандарға, батпақтардың жалаңаштау жерлеріне орман деңгейінен жоғарыдағы жоталар мен құздарға тығылу қажет. Енді өзендер мен алаңқайлар да аз да болса қорғаныс бола алады. Өрттен қашу үшін желге қарсы жүру керек. Желдің ығымен жүрген адамға өрт тез жетеді.

Өрттің сыртына шыққаннан кейін ғана салыстырмалы түрде өзін қауіпсіздеу деп есептеу керек. Қалайда, бұл жағдайда да кідіріп қалуға болмайды, өйткені желдің бағыты өзгеруі мүмкін, сондықтан кідірісті пайдаланып, қауіпсіздеу орынды іздеструге тырысу қажет.

Өрттің алды жақындағанда, суға жату немесе киімді суға малып алу қажет. Бірақ бұл жағдайда маңында қамыс өсіп тұрған жоқ па, соған назар аударған жөн.

Егер өзен, көлі жоқ жерде өртке тап болсаң ашық кеңістікке шығу қажет, нейлон, капрон, шапшаң балқитын киімдерді шешкен дұрыс, жанатып және шапшаң жалындайтын жабдықтардан құтыл, маңайыңды жапырақ, шөп, бұталардан тазарт.

Орман өрттерін сөндіруге қатыстырылғандар үшін басты қағида сақтық пен мұқияттылық болу керек.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Осы тақырыпты қорта келгенде, жеке қорғаныс құралдары халықты жаппай қырып – жою құралдарынан қорғау мақсатында жүргізілетін шараларды ғана қолданумен шектелмей, осындай қорғаныс құралдары үнемі адамдардың қол астында болуы, олар паналар мен радиациядан тасалайтын жерлерде де пайдаланыла алатыны қарастырылды.

Республика аумағында атом энергетикасы, химия өнеркәсібі объектілері мен өзге де объектілері орналасқан, мұндағы апаттар үлкен адам құрбандықтарымен, материалдық залалдармен қатар елеулі экономикалық залалдарға да ұшыратуы мүмкін. Осы жағдайлар мемлекеттік, әскери және шаруашылық органдар тарапынан Азаматтық қорғаныс мәселелеріне, халықты сенімді қорғау мен шаруашылық объектілерін сақтау, басқару жүйесінің мүлтіксіз жұмыс істеуі жөніндегі міндеттерді шешуде жаңа ұстанымдарды қажет етеді. Бейбіт уақыттағы ықтимал төтенше жағдайда, сондай-ақ қаруларының даму бағыты мен оларды қолдану туралы көзқарастарды ескере

отырып, халықты қорғаудың негізгі принциптері мен әдістерін іске асыру халықтың сенімді қорғалуын дәйекті көтеруді қамтамасыз етеді.

Халықты қорғай принциптері – бұл бейбіт және соғыс уақытындағы жағдайда халықты қорғау тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі ресми белгілеген ережелер. Халықты апат, зілзала мен құралдарынан қорғау жөніндегі шараларды жүргізу сипаты, көлемі мен мерзімі ахуалды бағалау және жергілікті жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескере отырып, әзірленетін АҚ жоспарларымен анықталады.